

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫ
«САПАККӨЛ ОРТА
МЕКТЕБІ» КММ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
УИЛСКИЙ РАЙОН
КГУ «САПАККУЛЬСКАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА»

030907, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, Әйтеке би көше үй 18, тел:8-(713-59) 35-2-15 030907, Актюбинская область, Уилский район, с,Сарбие. ул. Айтеке би, дом 18, тел: 8-(713-59) 35-2-15 e-mail:Sap_sapakkol@mail.kz

№39

2024 жыл «23» мамыр
Сарбие с.

«23» мая 2024 года
с.Сарбие

2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304, 2008 жылғы 18 наурыздағы №125, 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96, 2024 жылғы 13 мамырдағы №103 бұйрықтарына және Ойыл аудандық білім бөлімінің «21» мамыр 2024 жыл №319 бұйрығын негізге ала отырып сәйкес меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **Бұйырамын:**

- 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарындағы оқу сабақтары 2024 жылғы 24 мамырда аяқталсын.
- 2) Қорытынды аттестаттауды бекітілген мерзімдерге сәйкес, талапқа сай өткізу шаралары қабылдансын:
9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары-2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;
11-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары-2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.
- 3) Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімдерге сәйкес өткізілсін:

9-сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан -2024 жылғы 29 мамыр;
- 2) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2024 жылғы 3 мауысым;
- 3) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтін бойыша тапсырмаларды орындау)-2024 жылғы 6 мауысым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, қазақстан тарихы)-2024 жылғы 10 маусым;

11-сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан-2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2024 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан-2024 жылғы 4 маусым;
- 4) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан-2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, биология, әдебиет, информатика)-2024 жылғы 11 маусым

6) Қазақ тілі бойынша емтихан қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жазбаша және ауызша нысанда өткізілсін.

7) 2023-2024 оқу жылын аяқтау, аралық, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу, академиялық адалдықты қамтамасыз ету іс-шаралары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің жоғарыда берілген бұйрықтарының талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.

8) Білім беру ұйымдарында 25 мамыр күні оқу жылының аяқталуына арналған «Соңғы қоңырау» шарасы, 12-15 маусым аралығында жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында өткізу әрі білім алушылардың өмір қауіпсіздігін күзиретті мекеме өкілдерімен бірге қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.

9) Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру ұйымдарында ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.

10) Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен электронды бағалау жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісі жөніндегі орынбасары И.Оразғалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Е.А.Тургангазин